

Л 2005

5763

Сүлеймен МӘМЕТ

Ар алдында





Сүлеймен МӘМЕТ

Ар алдында

**“Елорда”
Астана – 2004**

ББК 84 Қаз 7
М 36

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ,
АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

М 36 Мәмет С.
Ар алдында. Астана: Елорда, 2002. — 280 бет.

ISBN 9965-06-372-9


Сүлеймен Мәметтің бұл жинағы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге әңгімелер топтастырылса, екінші бөлім бүгінгі күннің өзекті тақырыбын қозғаған сыр-сұхбаттар мен мақалалардан тұрады. Әңгімелерде адамдық пен адалдықты, ана мен бала арасындағы психологиялық жағдайларды қозғаса, “Ар алдында” атты тақырыпқа біріктірілген дүниелерде қазақтың белгілі азаматтарымен жүргізген сыр-сұхбаттар, ақын-жазушылармен өткізген әңгімелері, жат-жұртқа кетіп жатқан бейкүнә ұрпақтың тағдыры шынайы деректермен баяндалады. Автордың қай шығармасы да оқырманға ой салары анық.

М 4702250204-304
450(05)-04

ББК 84 Қаз 7

ML

ISBN 9965-06-372-9



© Мәмет С., 2004.
© “Елорда”, 2004.



Бірінші бөлім

Әңгімелер

“ҚОШ, ҚАРАҒЫМ...”

Сәлима жалғыз інісінің баласы Асанды аузынан тастамай отырады. “Қасымбегімнен қалған бір тұяқ қой. Тіл-көзден аман болса екен”, — деп сөз аяғын түйеді. Шеше сөзіне Нұрақын да іштей қосылады.

Асан келе қалса, бұлар қойын сойып, қолын қусырып, қарсы алып жатқаны. Қайтарда барын беріп аттандырады. Асандар үйден шыға бергенде, Сәлима шешей:

— Ал, қарақтарым, жолдарың болсын!—деп оны күшағына қысып, маңдайынан сүйеді. Қыр асып кеткенше соңынан қарап тұрады.

Осы кезде Сәлима шешейдің көз алдынан сол бір ауыр күндердің көңілде өшпей қалған көріністері біртіндеп өтіп жатады.

Бәрі де дәл бүгінгідей. Ойына ең алдымен қызыл шырайлы, орта бойлы, етженді келген күйеуі Иманбегі оралады. Екі сөзінің бірінде мұның атын тура атамай “Сәлимаш, Сәлимаш”, — деп жүретін еді. Бір-бірін өлердей жақсы көруші еді. Екеуінің біріне біреу қарай қалса, шытынап шыға келетіндері бар болатын. Бір жолы Иманбекке құрбылас келіншектің қарап күлгені үшін, тас-талқаны шығып, ашуланды емес пе? Енді ойлап отырса, соның бәрі жастықтың әсері екен... Сөйтіп жүргенде, сұм соғыс басталды.

Көп кешікпей жалғыз бауыры Қасымбек, одан соң Иманбек майданға аттанды. “Қош, Сәлимаш! Қош, Сара! Ұрпағымыз сендерге аманат”, — деп кетті екеуі де.

...Содан бері көп жыл өтті. Сәлима бауырының үйіне жылда бір барып қайтуды өзіне парыз деп біледі... Барар уақыты болғанда ешкімге де қарамай тартып отырады. Асығып барып, асығып қайтады тағы.

— Неге тез қайттың?— деп сұрай қалғандарға:

— Құдай-ау, қалаға барған адам айлап-жылдап жату үшін барады ғой дейсің бе?— деп көңілдегі кірбіңін ешкімге білдіргісі келмеген Сәлима күлген болып, алған базарлығын таратады...— Е... Қасымбегімнің орнына бардым, Асанның тәмпіш мұрындарының бетінен сүйдім. Барған жұмысым біткен соң қайтпай не істейін?

Келін-баласына да осылай дейді. Бірақ келіні құрғыр мырс-мырс күліп:

— Әй, ақ көңіл апам-ай, елдің бәрін өзіндей көретін,— деп қалады.

— Тәйт ары... О қай сасқаны екен, ей?!— Осыдан басқа артық сөз айта алмайды.

* * *

Соңғы бес-алты жылда Асан айналасындағы адамдарға менменси қарайтын болып кетті. Бұрынғы бып-биязы мінезі қатқылданып барады. Жақтырмаса қабағын түйіп, өңін суытып шыға келеді. Тіпті екі қолын артына ұстаған күйі, үн-түнсіз жүріп кетеді. Араласып жүрген ағайын-туыстарды жақтырмаған сыңай танытып отыратыны тағы бар. Олар туралы жиі айтылып кетсе:

— Жарайды, қойындаршы созбаламай, басқа әңгіме құрып қалды ма?! — деп сөз аяғын ашып айтпай, бүгіп қалады.

Асанның осындай қылығын Нұрақын бір емес, бірнеше рет байқаған. Сонда: “Апыр-ай, ә?! Арқа тұлып жүрсем мұны. Бір маған өтірік қана жымиғанын қайтем. Адам жылқы мінезді деген осы-ау, шамасы. Әуелі мені де жетістіріп жүрген жоқ. Сәлемінің өзі салғырт. Амалының жоғынан жымияды. Сонда мені өзіндей оқымады дей ме екен?!” — деп ойланып қалатын.

Асан ауылға сирек келетін болып жүр. Жолы түсе қалса, асқа қарамай, асыға жөнеледі. Айтар сылтауы: “Қол тимейді, жұмыс көп”.

— Сирек келетін болдық ғой. Ең болмаса хат жазып амандығыңды білдіріп тұрсаңшы. Тіпті, өзің келе алмасаң, әлгі келін мен балаларды жіберсеңші,— дейді Сәлима мұндайда жата жабысып. Келін баласы оның бұл жалпаңын ұнатпай: “Сонша жабысатыны несі екен, әркімнің еркі өзінде ғой”, — дейді іштей.

— Жұмыс көп, әпке. Уақыт болса көрерміз. Келін балаларыңыздың да қолы тие бермейді.— Бұны Асан айтады.

— Иә.., иә... өздерің біл. Әйтеуір, аман болыңдар. Шынында, қолдары тимейді. Ойпыр-ай, анау құжынаған халық асығып-аптығып жүреді екен ғой. Қолы тимегендіктің әсері ғой соның бәрі. Е... е... өстіп жүре бер. Сұғанақтың көзінен сақтаса екен. Әлгі Сара сорлы да жалғызының

қызығын көрмей кетті ғой. — Сәлима осылай деп көзіне жас алады.

“Е... ештеме жоқ, баяғыдағы күні болса, күн сайын емес, сағат сайын келер еді. “Өзі болған қыз төркінін танымас” деп, өскен соң, өстіп жүр ғой”.

Бұл — Нұрақынның әйелінің ойы.

Асан қара көзілдірігін киіп, галстугін түзеген болады. Құрақ ұшып тұрғандарға назар аудармаған бойы, маңғаздана басып барып машинаға отырады. Сәлима бұрынғыдай маңдайынан сүюге бата алмай шегіне береді.

* * *

Сәлима жылдағыдай Асанның үйіне барып қайтуды көптен ойлап жүр. Өз келінінің жақтырмағанын байқап қалып, тас-талқаны шығып ашуланды. Көзі жасқа толып:

— Әдіра қал, сендер. Қасымбегімнен қалған бауырымның үйіне барма дегендері қай сасқандары екен, ей, бұлардың?! Асанжан бұларды менсінбей жүр дейсің бе? Жұмыс көп деп өзі де айтты емес пе? Ел де айтады. Күніне алдына жүздеген адам кіретін көрінеді. Соның бәрімен тіл табысып сөйлесу оңай деймісің? Дегенмен өзі зерек қой. Әйтпесе, осындағы шолақ белсенділердің көбі бес-алты адамды басқара алмай басы қатып жүр емес пе?— деп барып өзер тоқтады.

Келін баласы: “Өзіңіз біліңіз, апа”, — деп құтылды. Сәлима жолға дайындала бастады. Ауылдың дәмі деп, қара сөмкеге ет пен майды толтырып алып, қалаға тартып отырды.

Бұрын жол бойында Асанның амандығынан басқа еш нәрсе де ойламайтын. Бұл жолы да солай басталып барып, кілт өзгеріп сала берді. “Нұрақынның ренжитін жөні жоқ. Өзі қызмет істесе қайтер еді? — Кең тігілген көйлегінің етегін жинап, қара сөмкені қозғап қойды. Төңірегіне бір қарап шығып: — Ой, тәйірі-ай, не ойлап кеткемін мен, Нұрақыным Асанға неге ренжиді. Ренжімейді.

Қайта нағашым деп мақтанып отырмайтын ба еді. Иә, сөйтетін...”

Сәлима ойын осылай түйіп, көк сағым көмкерген тау сілеміне, көк жасыл далаға, тұнып тұрған егістікке көз салды. Осы сәт сонау бір бұлыңғыр күндер есіне түсе кетті. Денесі дір етіп, бойын тез жинап алды. “Кетсін... кетсін келмеске...”

Енді ана ойы басқа жаққа ойысты. “Асаным жас қой. Үйренеді. Оның үстіне көпке жағу қиын. Көп деймін-ау әуелі, Нұрақыныма жақпай масқара болды емес пе... Осы күнгі адамға ұнау оңай іс емес. Әуелі желдей ескен

кейбіреулер: “Бауырың адам танымайтын болып кетіпті. Өзі сияқты бастықтарға ғана сәлемді түзу беріп, айтқанын екі етпей орындайды екен. Ал былайғыларға пысқырмайды да...” — дегендерін қайтерсің. “Көре алмаған көп дұшпан” деген осы. Сәлима езу тартып жымыып алды. Мұндайда әжім торлаған жүзіне қан жүгіріп, мақтаныш сезім бойын билейді. Сағат көршісінің сөзі қайдан есіне түсе кеткенін өзі де білмей қалды. Өне бойына бір шелек су құйып жібергендей тітіркеніп кетті. “Бір жұмысым болып, Асанға бара қалмасым бар емес пе? Шіркін-ай, аман-сәлемнен түк жоқ, орындықта мен кіргенде шалқайып отыр еді, шыққанша солай отырды. Барған шаруамды айтсам, әлгі телефонмен қайта-қайта сөйлесіп, оңды жауап бермеді. Шығып кеттім. Қолда өскен бала ғой, әйтеуір, екі иығынан дем алып отыр. Әкесі Қасымбекке тартпапты. Ой... ол жігіттің сұлтаны болатын. Кішіпейіл, көпшіл еді, қайран азамат. Ерте кетті. Болмаса... “Жақсыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз” деген осы екен-ау деп қалдым. “Ұлық болсаң, кішік бол” демеуші ме еді бұрынғылар”.

Осы сөздерді естігенде, көзінің алды тұманданып кетіп еді. Қазір де сөйтті.

“Өтірік айтады. Сағат қай оңған адам. Барған жұмысын бітіріп берсе, қандай мақтар еді. Бұлардың қайсыбірінің көңілінен шыға береді. Біз келдік аттан түсір, біз кетеміз аттандыр деп барғандары міндет. Тағы кінә тағады өздері. Сенбеймін оның сөзіне. Менің Қасымбегімнен қалған Асаным ондай жат бауыр, жалған мінезді емес. Қасымбектің жетімегі жетіліп кетті деп өздерінің шығарып жүргені де”.

Сәлима бұл сөздерін Сағатқа да айтып, қырандай шүйліккен... Тілге шыдамаған Сағат отырған орнынан тұра жөнелген-ді.

“Айта берсін бұлар. Қызметті осылар үшін істеп жүр дейсің бе? — Осылай деп ойланып қалды.— Біраз адам ауызға алып қапты. Шындық бар ма әлде... Жоға, тәйірі... Қызметі өскен соң өзін байсалды ұстағысы келеді де. Қашанғы жас бала құсап жалпылдай берсін...”

Сәлима түс ауа қалаға келді. Әдеттегі үйреншікті жолымен, Асанның орталықтағы үйіне тартып кетті. Оқша зулаған жеңіл машина оны еңселі үйдің алдына әкеліп түсірді. Үшінші қабаттағы отыз үшінші пәтердің алдына келіп, қоңырауды басты. Ар жағынан дамылсыз шырылдағаны естіліп тұр. Бірақ ешкім есік ашар емес.

“Үйлерінде жоқ болды ғой бұлар. Сыртқа шығып кіре берістегі сырлы орындықтардың біріне отыра тұрайын”, — деп кейін бұрыла бергенде, есік ашылып қалды. Іштен көзін қайта-қайта уқалаған қыз бала көрінді.

— Е, Гуля үйде екен ғой. Ұйықтап қалдың ба, жарығым, ә? Келші, бетіңнен сүйейін, — деп жатыр. Үй ішінің амандығын, мамасы мен папасының денсаулығын түгел сұрап шықты, Гуля бәріне басын изеп жауап берді. Ұйқысы әлі ашылмаса керек, керіле береді, есіней береді. Үйге келген кісіге аса мән де беріп тұрған жоқ. Сәлден кейін бөлмесіне кіріп кетіп, мүлде көрінбей қойды.

Сәлима үй ішіне түгел көз салып шықты. Бөлменің бір қабырғасын бойлай сірескен кітап. Бір керегедегі әдемі шкафтағы айшықты алуан ыдыстар көздің жауын алады. Ол біраздан соң тұсына қызыл ала кілем ілінген диванға барып қисайды.

“Ой, дүние-ай! — деп Сәлима жатқан орнынан бір қозғалып барып, ойын қайта жалғады. — Қарап отырсаң өткеннің бәрі кешегідей көз алдыңа келеді. Азапты күнді ойлап жасығандай болсаң, қуанышты сәтті есіңе түсіріп тасисың да, тәубаңа келесің. Кешегі сұм соғыстың тұсында не көрмедік. Нұрақыным Иманбектен бір жасқа толмай қалды. Қасымбегім артында екі қабат қалған Сараны көңіліне медет етіп кетті емес пе? Иә, Асан әкесі аттанғаннан кейін, үш айдан соң дүниеге келіп еді-ау, ә?!”

Сара байғұсты айтсаңшы! Мен не айтсам соны бұлжытпай орындайтын марқұм.

— Екеуміз бірімізге-біріміз қара да, пана да болайық.

Қол-аяғыңды баурыңа алғанша, Нұрақынның қасында үйде бол. Одан соңғысын көре жатарсың, түздегі тіршілікке мен бармын ғой, — дедім бір жолы.

— Мейліңіз, — дегеннен басқа түк айтпады.

Сараның босанғанын қос басында жүріп естідім. Астықты орып бітіріп, бастырып жатқанбыз. Сол кезде күн де бір қақап кетіп еді. Құстай ұшып үйге келсем, Сара Қасымбегімнің сеңсең ішігіне оранып, пеш түбінде жатыр. Жүзі нұрланып, әп-әдемі болып кетіпті.

— Жиенді болдыңыз!..

Осы сөзден кейінгі, Сараның не айтқаны есімде жоқ. Қуаныштан болар, сөйлеуге шамам келмей, маңдайынан сүйе беріппін. Қасымбегім көз алдыма елестеп кетіп: “Ұлыңның бауы берік болсын!” — деппін.

— Кімге айтып тұрсыз, әпке, оны?

— Қасымбекке айтып тұрмын, Қасымбекке!

— Қане, әпке, қайда?! — деп ол да төңірегіне жалтақ-жалтақ қарады.

Сол күні Сара екеуіміздің қуанышымызда шек болмады. Барымызды базар етіп, дастарқан жайдық. Түн ортасы ауа жиылған шағын топ үйлеріне тарады.

— Енді жаталық, — деп шойын пешке от салып жатыр едім, Сара:

— Әпке, хат жазбаймыз ба, ағаларға, — дегені.

Жүрегіме біз сұққандай шым ете түсті. Бағанадан бері, артына қарай-қарай кеткен Қасымбегіме бұл қуанышты қалай жеткізуді ойланбағаным өкіндім.

Сара екеуіміз қатар отырып хат жаздық.

“Сен елге оралғанда, ұлың екеуіміз қарсы аламыз. Мінезін білмеймін, түр-түсі өзіңе тартқан”, — депті Сара хатының орта тұсында.

Мен: “Жауды жеңіп туған жерге қайтқанда, алдыңнан шығатын ұлды болдың, бауырым. Атын Асан қойдық. Асаныңның бауы берік болсын!” — дедім.

Араға ай салып, екеуінен хат алдық. Иманбек жиеніне бауы берік болсын айтып, Нұрақынды қайта-қайта сұрапты.

Қасымбегімнің сонда жазған хатындағы “Әпке, Асан мен Сараға көз қырыңды сала жүр”, — деген сөздері осы уақытқа дейін көз алдымнан да, көңілімнен де бір сәт кеткен емес.

...Жылдар жылжып, күндер өтіп жатты. Соғыс та аяқталды. Үмітімізді үзіп Иманбек те, Қасымбек те оралмады. Олардан қаралы хабар алып, тілдей-тілдей қағаз келді. Сара екеуіміз жасымызға жетпей жесір атандық. Екі бала әкесіз қалды...”

Қоңырау сыңғыр ете түсті. Қыз есікті барып аша салып, орысша сөйлесіп кетті. Бү кім болды екен деп, Сәлима басын көтеріп еді, есіктің ашық қалған саңылауынан Анарды көріп қалды. Келіп амандасар деп ойлап еді, бас сұқпастан өз бөлмесіне кіріп кетті. “Менің келгенімді білмеді-ау, бұл. Қыз құрғыры да айтпады-ау, шамасы” деген оймен Сәлима өзі барып есіктен қарады. Үй киімін киіп жатыр екен. Бұрынғыдай емес, толыпты, өңі де ашылған.

— О,.. о, әпкем келіпті ғой. Халыңыз жақсы ма? — деді Анар ұзын халаттың жылтыр түймесін салып жатып. Басын бір сілкіп қойып еді, алдына төгілген шашы артқа кетті. Осы

кез құлақтағы алтын сырға жарқ етіп бір көрінді де, қайтып шаштың астында қалды. Ол оюлы кебісін киіп бөлмеден шыққанша, Сәлима сұрақтың неше түрлісін қойып та үлгерді. Анар “жақсы” дегеннен аспады.

“Ана бір жылғыдай емес, келісті келіншек болыпты. Бақытты заманның адамдары ғой. Бақыттары жана берсін”.

— Әпке, сіз келіп кеткелі де екі жыл болды емес пе? — деді Анар сұраулы жүзбен.

— Әй, мен жылда келіп тұрмайтын ба едім. Былтыр да келгем.

— Жоқ, әпке, былтыр келген жоқсыз...

— А, кім біледі. Мен жаңылып қала берем. Сендердің естерінде ғой бәрі. Сендер бізге қолыңыз бос дейсіңдер, қайдағы қол бос. Өзімізге шақ тірлігіміз бар. Соған айналып білмей де қалыппын қашан келіп, қашан кеткенімді. Айтпақшы, өзіңнің апаңның денсаулығы жақсы ма? Келді ме мұнда?

— Жақсы, жақында ғана келіп кетті. Әлден уақыт өткен соң Асан да келді.

— О, о, әпкем келіпті ғой. Көңіл күйіңіз жақсы ма? — деп қолындағы газетін кіре берістегі телефон тұрған орындықтың үстіне тастады да, аяғына қазақы ою бастырған кебісті іле салып, бөлмесіне кіріп кетті.

Сәлима баяғы диванның үстіне тағы барып отырды.

“Асанның келгені дұрыс болды ғой, әңгімелесетін болдым”, — деп ойлады.

Асан да жол-жол ұзын халаттың бірін киіп, белін шарта буынып алыпты. Бөлмесінен шыға салып, ас үйдегі Анарға барды. Бүгінгі көрген-білгендерін, естігендерін, кімдерді қабылдағанын, кімдерді қабылдамай қайтарғанын түгел термелеп айтып жатыр.

— О, не дегенің. Солай істеу керек, басыңа шығарма ешкімді, — деп қояды Анар еріне жел беріп желпіндіріп.

— Ауылдың бір-екі адамы келген екен, қабылдамадым. Айтатындары баяғы көмектесіп жібере ғой. Одан басқа не айтады, — деді Асан мұрнын тыржитып.

— Дұрыс жасағансың. Осы сендердің ауылдарыңның адамдарының-ақ шаруасы бітпейді екен. Жұмысы бола қалса, шауып келеді, былайғы уақытта ат ізін салмайды. Осы сенен басқа адамдары жоқ қой дейім. Әлде иіңнің жұмсақтығын біліп алған ба? Үйде де кеңседе де мазанды алып болды ғой, — деп Анар күйіп-жанды.

— Жарайды, енді, — деп Асан орнынан тұра беріп, әпкем

естіп қойды ма дегендей, ішкі үйге көз салды. Есік жабық тұр. Бірақ есіктің ортасына салған әйнектің сынығынан сөзді қойып, ызың естіледі.

“Әй, осыларды ма. Қиратып бітіреді бәрін”, — деп ол балаларына кейіп те алды. Есікті ашып еді, әпкесі көзін жұмып жатыр екен. “Жақсы болды. Естімепті. Ұйықтап қалыпты”.

Сәлиманың ойына күдік ұялайын деді. Көз алдына Қасымбегі мен Асаны қатар келді.

— Әпке, шайға келіңіз, — деген дауыстан селк ете түсті. Орнынан атып тұрып, жібек жаулығын дұрыстап, масаты кеудешесінің етегін тартып-тартып қойды.

Үстел үсті алуан тағамға толы. Сәлима орындыққа жайлап отырды да, қызыл күрең шайды сораптап ұрттай бастады. Дәмді-ақ.

Асан мен Анар кезек сөйлеп, бағанағы әңгімелеріне қайта көшті.

— Осы сенің қызметінді қалай атаушы еді, Асанжан. Бұрын мұғалім екенінді білуші едім, ал қазір ол жұмыстан өсті деп жүр жұрт, — деді Сәлима олардың сөзін бөліп.

— Бастық болды, әпке, бауырыңыз. Мұғалімдердің бастығы.— Анар “бастық” деген сөзді көтеріңкі дауыспен айтты. Жүзі бір түрлі құбылып, күлімдеп кетті. Кеудесін мақтанш кернейтін сияқты.— Яғни декан, әпке.

— Ы... ммм. Ұшқанда қанатың талмасын, қарғам. Әкешешеннің аруағы жар болсын әр кез. Е... құдайым-ай, тіл-көзден сақтаса екен.

Асан орындықтың артқы жақтауына сүйеніп отыр еді, бір қозғалып қойды. Тершіген маңдайын әлденеше рет сүртті. Кабинет терезесінің ашық қалғанын айтып еді, Анар: “Суық тисе қайтесің, неге аштырасың. Осы шайдан соң жатып дем ал”, — деп шыр ете түсті. Күйеуінің жүзіне қинала қарап та қойды.

— Үйде суық тиюші ме еді, оның үстіне қазір шілде айы емес пе? — деді Сәлима аңқаулық жасап. Анарға бұл сөз инедей қадалды. Ақ құба өңі бұзылып, біздеі кірпіктерін әлденеше қағып та жіберді.

— Әпкем біліп отыр, — деген болды Асан мінгірлеп. Айтарын айтса да әйеліне қарай береді.

— Асанжан, бастық болыпсың. Биыл әлгі бір жаман жиенің оқу бітіреді. Ағадан ақыл-кеңес алсам деп жүр, — деді Сәлима жаулығын кейін сырып қойып: Бұрын айтатын сөзін оспақтамай-ақ айта салатын. Қайта-қайта айтатын кездері де болушы еді. Енді, міне, немере бауырының қасы.

мен қабағын бағып қалыпты. Сонда жақындықты қызмет бабы басып кеткені ме?

Неліктен екені белгісіз, Сәлима осы жолы жасқаншақ тартып отыр. Немерем оқымай қалар деп те ойламайды. Ол тәмпіш мұрынның жақсы оқитыны өзіне мәлім.

Асанға сығырайған қос жанарын қадап біраз қарады. Жауап тез бола қоймады. “Қасымбегім болса есігін серпе жауып кете бермес пе едім. Артымнан: “Әпке... әпке, ренжіменіңші. Бір жолғы ашуыңызды беріңізші!” — деп құрақ ұшар еді-ау. Ой, дүние-ай! Бұларға мына қалпында не дерсің. “Е, көшке берген тайынды ал”, — деп қолды бір-ақ сілтесе не бетімді айттым. Ондай сөз естіп үйге барсам, келін бала не дейді”.

— Өзі қандай оқуға барады екен? — Асан бұл сөзді әрең айтты. Оң қолын орындықтың артына созып жіберіп, бір жағына қисайып алыпты. Селдірлеу өскен шашын салалап ойланып қалған.

— Қайдан білейін, Асанжан. Бұл өз қиялым ғой, саған сыр етіп айтып отырған.

— Жарайды, әпке, оны уақытында көрерміз. Бір-екі ай уақыт бар ғой. Нүкен өзі де хабарласар. Бірақ оқуын жақсы оқысын. “Үш” болмасын, — деп Асан орнынан тұра берді. Сөйтті де: — “Ту-у, басым солқылдап барады”... — деді.

— Ойбай, оқуы жақсы. Медальмен бітіреді деп жүр ғой әлгі екеуі.

— Өте жақсы. Нүкенмен ақылдасамыз о жағын.

— Апыр-ай, денсаулығыңды неге сақтамайсың осы. Жел қуғандай әркімге бір жүтіріп жүріп өлетін болдың-ау, — деп Анар отырған орнынан ұшып тұрды. — Ыстығың көтеріліп тұр ма? — Мандайына алақанын апарды. — Жедел жәрдем шақырайын ба?

— Тұра тұршы асықпай.

— Сөйтеді бұл, жаны ашығанды білмейді. “Бәсе, келген адам тегін кетуші ме еді. Қарағай сүйреткендей сүйремесіз жүре ала ма. Әне, шетін шығарды емес пе?” Бұл — Анардың көкейіндегісі.

“Еш ауырлығы жоқ екен. Бір жерге тыға салып, доқтан құтылғаным абзал-ау”. Бұны Асан ойлады.

“Мына келін қайтеді, жаным-ау. Ана сорлыны майсыз қазанға қуырып барады ғой. Менің сөзім-ау бұған түйнек болып тиген. Ой, едірендеген әдірам қалғыр. Менің балам өзі-ақ оқиды. Таңдап жүріп түседі. Әйтеуір, ат басын тірейтін жері осы қала болған соң ғана айтқаным ғой. Әлгі

Нұрақын айтам дегенімде “қойшы, апа” деп еді, білген екен-ау, ә. Болды, болды жақтырмағандықтарың көрініп тұр. Менікі босқа далақтау екен. Қайтейін, Қасымбегімнен қалған тұқым ғой, алыс-берісі болмаса да, аман болсын, асылдың сынығы еді деп, өлгенімше тілеуін тілейін”.

Асан мен Анар бөлмелеріне кіріп еді, қайтып шықпады. Екі ұлы мен қызының ешкіммен шаруасы жоқ, өздерінше жүр. Кітап оқиды, теледидар көреді — ермектері сол.

Сәлима диванға барып сылқ етіп отыра кетті. Баяғы дүниелерге бір-бір қарап шықты. Шала сауат. Болмаса ана сықасып тұрған томдарды оқыса адам зеріге ме. Бұрын көрген фото альбомды тағы қолға алды. Бірінші бетінде қатар отырған Асан мен Анар тұр. “Е, әлгі үйленгендегі түскендері ғой. Жап-жас. Қастары қиылып, көздері жәудіреп тұр”. Осы сәт оның есіне Асанның “басым солқылдады” дегені түсе кеткені. Орнынан тез тұрып, қарсы бөлменің есігін ашып еді, екеуі қатар қойылған төсекте газет оқып жатыр.

— Асан, ай, Асан, басыңның ауырғаны басылды ма? — деді ол.

— Қойды, әпке, қойды.

— Жақсы болыпты. Ауырмасын.

“Бәрінікі күні үшін. — Анар туырлықтай газеттің бір бетінен көз қиығын салды. — Сені қай бір аяп жүр дейсің. Баласының қамы да”.

Сарғайған суреттерге Сәлима ұзақ үңілді. Көңілі толқып, көзіне жас алды. “Келер жылы алпысқа толады екенсің-ау, ә?! Өтіп бара жатқан заман...”

Қасымбектің суретін кеудесіне басып жатып, ұйықтап кетіпті. Қанша уақыт ұйықтағанын өзі де білмейді. Оянса, бөлме іші қараңғы. Тыныштықты сағаттың сырттылы бұзып тұр. Әшейінде дүрілдеп жататын машина да тына қалыпты. Орнынан тұрып, терезеге барғысы келді. “Бір нәрсесін қағып кетіп қиратып тастармын. — Тағы аз уақыт жатты. — Бұлардың сонда жатып-ақ қалғаны ма?! Сөйлеп жатқан кім сонда? Қай уақыт болды өзі?” Ой құшағында біраз болып еді, қай-қайдағы көз алдына келіп, үрейін алды. Орнынан созыла тұрып, жарыққа қарай жүрді. Терезенің пердесін түріп, сыртқа қарады. “Ту, көктегі жұлдыз жерге түскен бе, күнім-ау. Жымындауын қарашы. Бірі өрге, бірі төмен тұр ма өзі, қалай?!” Осы кез Сәлиманың көңілі көп жерге дейін шарықтап бақты.

“Заман тыныш болса екен. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған дәуір осы емес пе? Иә, осы”. Көзіне ұйқы тығылды. Көңілі де жайланайын деді.

Бірақ Сәлиманы тағы бір ой мазалады. “Иә, жетектегеннің көбі түкке жарамай, жерде қалып жүр. Одан да құдай өзіне берсін де. Осы Асанды кім сүйреді. Өзі талаптанып еді, міне, жетті. Оқуға барамын деп жолға әзірленіп жатқанда:

— Ниетіңе жет. Дегенмен мына Сараның денсаулығы болса нашар... — деп қалдым.

— Е...е...ей, әпке-ай! Отты айналған көбелектей, қарайлата беріп қайтемін. Оқысын. Іздеген мақсатына жетсін. Тауын шағып, бетін қайырмалық, — деді Сара.

Асан осы қалаға келіп, оқуға түсті. Несін жасырайық, оған дәл осы күнгідей қуана қоймағанымыз анық.

... Е, бәрін қойшы, үйленгелі жатырмын деп барғанда міндет етерлік не көмек бердік, жалғыз сиырдың танасын сатып, ақшасын ұстатқаннан басқа.

Соғыстың тауқыметі талай жерде сүріндірді ғой.

Анардың әкесі марқұм қандай көрегенді адам еді. Арғы-бергіні таразының басына теңшеп, байыппен ғана сөйлейтін. Асанды өз баласынан кем көрмей “Екі торының бөтендігі бар ма”, — деп отыратын. Қайта шешесі мұрнын шүйіріп шыға келетін.

Бұл күнде бәрі көрген түстей. “Бір Асаннан басқа нем бар менің”, — деп жүріп, Сара да кетті дүниеден... Апырай, осы үйге келсем, қай-қайдағы ойыма оралып әбден мазам кетеді. Жаңа бір тәтті ұйқы келе жатыр еді, одан да айрылып қалдым-ау, ә?! Қойшы, осы Асан мен Нұрақын аман болсын, бұлардың ұрпағы біз көргенді көрмей қастарында жер басып, күліп-ойнап жүрсе Сара екеуміз-де не арман бар”.

Сәлима енді ғана көз шырымын ала бергенде, Асан бөлмеге кіріп, шамды жақты. Басын көтерген бұл қапелімде не дерін білмей сәл тосылып қалды да:

— Қаланың түнгі көрінісі жақсы-ақ екен-ау, Асан, — деді.

— О, не дегеніңіз, әпке, оның үстіне біздің үйдің өзі ең жақсы жерге орналасқан.

— Бәсе, мен де солай болар деп ойлап едім. Бағың жана берсін.

Анар “құтты” диванға төсек салып жатыр.

— Ал, қайырлы түн, әпке. Демалыңыз. Шаршап келдіңіз ғой, — деп екеуі шығып кетті.

Сәлима көпке дейін дөңбекшіп жатты. Әрнені бір ойлады. Ақыры сілесі құрығанда барып көзі ілінді.

* * *

Асан мен Анар жұмысқа кетуге әзірлік жасап жүр. Кезек-кезек айна алдына барады. Анарда тыным жоқ.

Сәлима қара сөмкесін диванның аяқ жағынан көрді. Босатып әкеп қойыпты.

— Ал, әпке, біз жұмысқа кеттік. Жататын шығарсыз, — деді Асан есіктен басын сұғып.

— Қайдан жатам, кетем ғой. Амандықтарыңды білдім, маған сол да жетеді.

— Қап, бұл қалай болды, ә? — Асан Анарға қарады.

— Әпкем өзі біледі де.

— Рақмет, қарақтарым, маған қарамандар, бара беріндер жұмыстарыңа. Рақмет.

— Әлгі жұмысты уақытыңда ақылдасармыз. Сау болып тұрыңыз онда, — деді Асан қара папканы қолтығына қысып жатып.

— Сендер аман болсаңдар, бәрі болар. Оның өзі де мектепті алтын медальмен бітіргелі отыр деп айттым ғой өзіңе.

— О... о, — деді Анар көзін алайтып.

— Жақсы оқиды екен.

— Ал қош болып тұрыңдар... — Сәлима осы сөзді қалай айтып қалғанын өзі де аңғармады. Бұл реніштің белгісі ме, әлде қуаныштың нышаны ма?!

— Әпке, өзіңіз шыққанда, Гуля есікті құлыптап алсын, — деді Анар.

— Сүйтсін, қарағым, сүйтсін.

Бір-екі шыны шайды апыл-ғұпыл ұрттады да, сөмкесін қолына ала салып, үйден шыға берді. Гуля да есікті құлыптап үлгерді. Бірақ қуанып барып, ренжіп қайтқанын ешкімге айтпады. Айтпасқа бекінді де.

* * *

Сәлиманың немересі Серік онды бітіре салып, оқуға аттанбақшы болды. Қасына еретін адам жоқ. Нұрақын болса да жұмыста. Салика балалардан шыға алмайды. Тек Сәлиманың ғана қолы бос болатын.

— Апарып Асандікіне жатқызып қайтайын, — деп келін баласына айтып еді, олар:

— Жатақхана берер, — деді,

Сәлима бұл жолы бұрынғыдай өрекімеді. Іші мұздағандай болып отыра берді.

* * *

Нұрақын мен Сәлиқаның қарсылығына қарамай, Серіктің хал-жайын біліп келмек болып тағы қалаға бет алды. Көрген жерде ауыл бар деп, Асанның үйіне келді. Серіктің бұл үйді жақын тартып келіп кеткенін естігенде, көдімгідей қуанып қалды. “Адам болады, менің шырағым. Ешкімді жатырқамайды ғой. Ақылыңнан айналдым сенің...”

Асан бұрынғыдан да ары шаршап жүр екен. Таң ата үйден кетсе, түннің бір уағында оралады. Келіп-кетіп жатқандарда есеп жоқ. Анар біреулерді табалдырықтан қайтарады. Кейбіреулерді жаны қалмай, қарсы алады. “Сіздікі орындалады, айтып отырған”, — деп те жібереді. Әлгі адам үйден шыққанша жиі-жиі рақметін айтып, қонаққа шақырып, от айналған көбелектің күйін кешеді. Мұндайда Сәлима шала бүлініп, шалқадан кететіні бар. “Ой, өңкей шөп желкелер, ақ басымды иіп мен жатсам, маған бір ауыз жылы сөз айту жоқ, кім көрінгенге жалпандағанда өліп қала жаздайды бұлар. Қаусаған кәрі деп жүрген болар. “Жыланды үш кессе де, кесерткілік қауқары бар” дегендей, менің Серігім өзі-ақ түседі. Әлде осылар Нұрақын кетпен ұстап жүрген соң менсінбейді ғой дейім”.

Анарды көргенде осылай дегенмен, Асан келгенде райынан қайтып қалады. “Біздікі баяғы түсінбеушілік екен. Жұмыстан қолының тимейтініне көзім жетті. Қайта төзіп жүр-ау, шырағым, басы қатып кетпей”, — деп қалады.

Ертең емтихан деген күні Асандікіне Серік келді. Ауылда екі бетінен қаны тамып тұрушы еді, бозарып қалыпты. Мұны көргенде Сәлима көңіліне әрнені алып, толқып қалды. “Шарапаты жоқ, болмаса осы Асанның бөтені ме?! Айдаладағы біреулер үшін құрақ ұшып Анар екеуінің қатар жүгіргенін көргенде қалай ішің қазандай қайнамайды”.

Мұндай сөздерді Серік естіп қалса:

— Қойшы, апа, ешкімнің көмегінің керегі жоқ. Ел айта береді. Медаль алып отырып, әркімге көз сатқаным ұят емес пе? — дейді.

— Ой-о-ой, сорлы екенсің, медальда нең бар, қолтығыңнан демемесе бола ма?! Кеше осы үйге біреу келіп еді, сүйеніш болмаса, медаль түкке аспайды, — деді.

— Өтірік айтады. Баласына сенбегендер сөйтіп, табанынан таусылады, — деді Серік.

Сәлима бұрын баласының оқуға түсетініне кәміл сенетін сияқты еді, төрт күннің ішінде келіп жатқан адамдармен сөйлесіп, сыр тартқаннан бері ол ойынан түңілейін деді. “Білген баланы қалай құлатады” деп тұрады да, біз білмейтін бұлтарыстар көп қой. Осының бәрі тегін жүрген жоқ. Бірдеңені сезеді”, — дейді іштей бұлан-талан болып.

“Серігім құлап қалса, не бетімді айттым ел-жұртқа. Дос күліп, дұшпан табалайтын шығар. Бүйткен бауыры бар болсын дер. “Немере не береді, етін жеп сүйегін бермей” дейтіндер де табылар. Бұны қайтеміз деп айтайыншы Асанға”, — деп отырғанда, есіктің қоңырауы сыңғырлады. Гуля барып ашып еді, қара папкасын қолтықтап Асан кірді. Серік ұшып тұрып, қол берді.

— Жағдайың қалай?

— Кім біледі. Құдай-аруақ жар болмаса, — деді Сәлима екеуінен бұрын сөйлеп.

— Жақсы, аға, ертең бірінші емтихан.

— Қол да тимеді. Жігіттерге айтып қою керек еді, — деді Асан.

— Сенгені бір сен ғой, Асан-ау.

— Жоқ. Өзім-ақ тапсырам, — деді Серік орындыққа отыра беріп. Осымен әңгіме тынғандай болды. Сәлима інісіне, інісі әпкесіне ренжігендей.

“Нұрақын келіп ақылдассын десем, өздері де қызық. Бұл кісіні қайта-қайта сандалта береді. Көрер оқудың оңай емес екенін”. Бұл — Асанның ойы.

“Сенген қойым сен болсаң, күйсеген аузынды ұрайын” депті ғой мен сияқты көңілі қалып, қалжыраған біреу. Қасымбектен кейінгі күннің сұры осы болды да. Жақсымнан қалған көз деп жалпандап жүргенімнің бәрі бекер болғаны ғой. Мейлі, аман болсын, оты өшіп, жанбай калса қайтер едім”, — дейді Сәлима.

* * *

Ертесі Серік емтиханға кірді. Ешкімнің көмегінсіз-ақ бір сабақтан “бестікке” тапсырып, студент атанды. Бұл қуанышты қалайда ауылға жеткізу керек. Сәлима шешей мен Серік Асандікіне келді.

Екеуінің де қуанышында шек жоқ. Әсіресе қос жанарының төңірегін сансыз әжім торлаған ана немересінің маңдайынан мейірлене сүйеді. “Құлыным, мерейім өсті ғой бүгін бір. Әлгі екеуі де айтып еді, жақсы оқыған балаға жол ашық деп. Менің қараңғы қиялым, босқа

бас қатырыпты ғой. Қанаты талған қарғадай жалпылдап жүрген ана біреулердікі бекер сандалыс-ақ. Сүйейді деп, сүйреліп жолда қалмаса жарар”.

Үйде Гулядан басқа ешкім жоқ екен. Бір жапырақ қағазды алып Сәлима:

— Жаз былай деп, — деді. — “Қош, қарағым Асан”.

Қуаныштан жарылардай болып тұрған бала бұл сөздің байыбына бармады. Жаза салды. Сәлима шешей Асанның жазу үстелінің шетіне, жылтыр әйнектің астына қойғызды да, шығып бара жатып:

— Тірі болып жүре берсін. Қасымбегімнен қалған тұяқ қой, — деді.

— Асан ағаға ренжігеніңіз бе бұл, апа, — деп Серік әжесіне қарады.

— Е, жоға. Ойлансын дегенім ғой.

Артында келе жатқан ол ана сөзінің астарын түсіне алмай, не қайталап сұрауға батпай, жалтақ-жалтақ қараған бойы сәл тұрды да, есікті жапты.

* * *

Асан бүгін жұмыстан шаршап келіп еді. Серіктің оқуға түсіп кеткенін Гулядан естіп: “Арылмас дауға қалдым-ау, ә?! Жарайды деген бір ауыз сөзді айта салғанымда, мен түсірді деп, мақтанып қалары анық еді”, — деді де, дүниедегі жаңалықтан хабардар болғысы келіп, жазу үстелінің үстінде жатқан газет-журналды ала бергенде, бұрышындағы тілдей қағазды көрді. Бар болғаны үш-ақ ауыз сөз жазылыпты. Алғашында “доқ айтарын ойлап-ақ едім” деп мән бере қоймады. Бірақ іштей бірнеше рет қайталап оқып шықты. Өне бойы бір ысып, бір суыды. Маңдайынан суық тердің бұрқ ете түскенін өзі сезбеді. Бірақ сарғайған суреттен ғана түр-түсін білетін әкесін, бар азапқа төзіп, дүниеден өткенше қамын жеген шешесін, анда-санда келіп-кетіп жүрген әпкесін, есіне алады. Осы кез бұл отырған бөлменің есігі ашылып, Анар кірді.

— Жүр, кешкі асты әзірлеп қойдым, — деді ол.

— Бара бер, қазір барам, — деді бұл.

— Жолаушыдай жолыңды күттірмей, бол деймін, бол!

Анар айтқаны орындала қоймаса, осылай бұрқ ете түсетін. Қазір де сол әдетіне басып, қабағын түйген бойы шығып кетті.

“Өстиді бұл, өстиді. Адалдыққа қарай жетелеудің орнына, адастыруға әуес. Дүниенің құлы болуға дайын тұр”.

Асан біраз адамға қол ұшын беріп, жақсылық жасаған тәрізді еді, дәл осы отырғанда Сәлиманың жаздырып кеткен үш ауыз сөзінен басқа ойына еш нәрсе орала қоймады.

“Менің жақсылық дегенімнің бәрі басқа болып шықты ма сонда? — деді Асан іштей күбірлеп. — Жақсылық деп ұқсам неге мына Серікке жетпей қалды ол?! Буы бұрқыраған жел сөзге еріп, адасып бара жатқанымды бұрын қалай білмегенмін!”

Осы ойдан кейін, Асанның көзі бұлдырап, басы айналды. Маңдайын қос қолдап қысып еді, екі шекесі одан әрі зырқылдады. Көзін ашып, арашалап алатын адам іздегендей төңірегіне қарады, бірақ үрейін ұшырған дүниеден басқа түкті көрмеді.

ЕЛІКТІҢ ЛАҒЫ

Талдыбұлақ колхоз орталығынан алыста жатқан шағын ғана ауыл еді. Осындағы қырық шақты үйдің балалары оқитын бастауыш мектеп бар. Айгүл сол мектептің екінші класын бітіріп, жазғы каникулға шыққан.

Бірде әкесі:

— Үлкен кісілер еншіме берген өз қызым ғой, — деп еді, оған ол қызарақтап, тез жауап бере алмай түйткілсіп қалды. Сәлден кейін ғана:

— Мен де атам мен апамның қызымын, — деді, аузын бұртитып, өкпелеп тұрғанын жасырмай.

— Ой... сен де, баламен бала боп. Дұрыс айтады, Айгүлжан атасы мен апасының қызы. Мен ғой мұны жібермей жүрген, інісі мен сіңлісін жұбатып берсін деп. Ашуына тие берсең, ертең-ақ кетіп қалар, — деп шешесі күліп қойды.

— Мен қателесіппін ғой, Іңкәр. Бері келе қойшы. Әшейін айтқаным, — деді. Қыз жүгіріп келіп, әкесін құшақтай алды.

— Көке, атам мен апамдарға барайықшы. Қанаттар ендігі каникулға шықты.

— Көкейінді тесіп бара ма бауырың? — деді тағы әкесі оның қитығына тигісі келіп:

— Жоға, жай айтқаным ғой, — деп, Айгүл ыңғайсызданып қалды.

Жақыптың әке-шешесі колхоз орталығында тұратын. Өзі жұмыс жағдайына байланысты біраз жылдан бері осы Талдыбұлақта еңбек етіп жүр. Қысы-жазы трактор айдайды, Іңкәр сиыр сауады. Тұңғыштары Қанат биыл төртінші класты бітірмекші. Туғаннан кейін бір-екі айдан соң-ақ кемпір-шал келіп алып кеткен. Ес білгеннен бері ол бұларды аға, жеңге дейді. Іштей қанша жақсы көріп тұрса да, екеуі де ата-ененің көңілін аулап, атасы мен апасының баласы деп отырады. Бірақ Айгүл мен Қанаттың өзара жақындығы ерекше. Бастары қосыла қалса, бір-біріне жанашыр бола қалатыны бар. Тіпті Жанат пен Мақсатты да қастарынан тастамай, көтеріп алатынын қайтерсің. Ондайда әжесі:

— Өй, мына Айгүлден басқа боқ мұрындарың балама жақындамасын, — десе, бұған атасы:

— Тәйт ары! О несі екен балалардың арасына түсіп. Ойнай берсін, — деп кәдімгідей кейістік танытады.

— Е... Саған не жоқ киліге кетіп. Мен бұларды бөліп бір жаққа апарарды ғой дейсің бе? Қайтер екен деп айтқан сөзім емес пе? — дейді ол кісі шалына. Қамқор көңіл екі қарт немерелерінің басы қосыла қалғанда осылай керісіп қала беретін.

* * *

Жақып көк “Беларусын” от алдырып келгенше, Іңкәр ертеңгі шайды дайындап, қызыл сөмкеге түсте ішетін тамақты салып та қойған.

Екеуі жарық түскенше шай ішті. Одан соң Жақып тракторын тарылдатып шабындыққа тартты. Іңкәр үш баласын қымтап, есіктерді мықтап жауып, ақ халатын киіп, шелегін алып, сиыр саууға шықты.

Бұлардың күндегі әдеті осы.

Айгүл ұйқыдан тұрған соң, інісі мен сіңлісін киіндіріп, төсек-орынды, үй ішін тап-тұйнақтай етіп жинап, сары самаурынды қайнатып, шайларын ішеді. Бұған жұмыстан келген шешесі риза болып:

— Қолғанатым ғой менің! — деп құшағына қысып, алмадай қызарған екі бетінен кезек-кезек сүйетін.

Кейде Жақып келеді-ау деген кешкі мезгілде үшеуі қол ұстасып ауыл сыртына шығады. Трактордың тырылын естігенде: “Көкеміз келеді. Жақсы болды! Кабинасына отырамыз!” — деп үшеуі шексіз қуанады. Қолдарын шапалақтап әлденеше секіріп те алады.

Жұмыстан шаршап келе жатқан әке үш баласын көргенде, бәрін ұмытып, жадырап қалады. Тракторын жолдың шетіне тартып, асықпай тоқтатып, одан соң жайлап түсіп, үшеуін кабинаға отырғызады.

Айгүл бүгін әкесінің алдынан шықпады. Оған себеп: Қанатты ертіп атасы мен әжесі келген еді. Бұндайда ол соларға қыз болып, Нүсіп қарттың иығына асылатын. Бұған атасы әбден үйреніп алған. Мұндайда Жанат пен Мақсат та жүреді аяққа оралып.

Әжесіне:

— Сіздің шайыңызды қайнатып беруге кетейін десем, мыналар ана екеуін бағасың деп жібермейді, — деп өз әкешесіне жалтақтай береді. Бала көңілін сезе қойған Күлсін әже:

— Айналайын ниетіңнен. Осылар ғой, осылар Айгүлімді жібермей жүрген. Осы жолы алып кетпесем, сендердің ызаларыңа, — дейді. Айгүл бұған кәдімгідей мақтанады. Бірақ

“Осы жолы алып кетпесем” дегенінен күдіктеніп, Іңкәрға қарайды. Ол:

— Апа, өзіңіз едіңіз ғой, балаларыңды бағып бере тұрсын деген,— деп күліп жібереді.

— Иә, мен ұмытып кете берем. Айтпақшы, сөйтіп едім-ау, ө?

Айгүл әжесіне енді батыл сөйлей бастайды. Алдына отырып, көрген-білгендерін айтады. Арасында әке-шешесін: “Олар мені ұрды, қонаққа барғанда үйге қалдырып кетті”, — деп жамандап та қояды. Күлсін әже бәрін қабыл алып, андасанда: “Ол екеуі асықпасын. Мен бір ашулансам, барарға жер таппай қалар”, — деп жымияды.

Өстіп отырғанда, трактордың даусы естілді. Мақсат пен Жанат тұра ұмтылды. Қанат та далаға беттеді. Айгүл әжесінің қасынан кете алмай, бөгеле берді. Өзінше еш нәрсеге мән бермеген адамдай болып отыр. Ішінен: “Қап, қалып қойдым-ау. Көкем бүгін де бүлдірген теріп әкелген шығар. Маған қалдырмайды ғой. Қанаттан-ақ артылмас”, — деп мазасызданды.

— Жақып аға еліктің лағын әкепті. Естідің бе, апа, еліктің лағын деймін,— деп Қанат үйге жүгіріп кірді. Екі танауы делдиіп, көзі бақырайып кетіпті.

— Естідім, жақсы болыпты, мынау бір жерге арандап қалмасыншы, Іңкәр, далаға шықшы. Ойпырым-ай, асып-сасып жүреді-ау! — деді Күлсін әже қабағын шытып.

Төрдің алдында жатқан Нүсіп қарт басын жұлып алып:

— Не деп кетті әлгі балаң, Елік деді ме?— деді,

— Иә... — деп кемпірі жақтырмағандай болды.

Сөйткенше болған жоқ, дабырлай сөйлеп Жақып үйге кірді. Қолтығына қысып алған еліктің лағы бар. Әкесіне сәлем беріп, шешесіне амандасқан соң, қолтығындағы лақты жерге қойып еді, бір жағына қираң ете түсті де, жата қалды.

— Ой, Жақып қарағым-ай, бала болып кеткенсің бе? Обал емес пе? Тым жас екен? — деп Күлсін әже баласына кейілі.

— Осыны не қылайын деп әкеп отырсың? — Нүсіп қарт қабағын түйді.

— Андағы аяғың не, май-май болған үстің не? Ауыстырып келсеңші? — деп Іңкәр да бір шеттен өз наразылығын айтты.

Төртеуі лақты жан-жағынан қоршап алған. Таң көріп отыр. Жанат қолын қайта-қайта ала жүгіреді. Қой дегенге